

"Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды нысанды киіммен (погонсыз), сондай-ақ материалдық құралдармен, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 15 -2/509 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 7 маусымдағы № 195 бұйрығы. Күші жойылды -Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 107 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 11.04.2025 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды нысанды киіммен (погонсыз), сондай-ақ материалдық құралдармен, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 15-2/509 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11638 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды нысанды киіммен (погонсыз), сондай-ақ материалдық құралдармен, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларында:

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"

3-тарау. Фото- және бейнетіркеуге арналған материалдық құралдар, техникалық құралдар

							Портативтік бейнетіркеу і ш – сырғанамай т ы н жабыны бар соққыға
--	--	--	--	--	--	--	---

52	Бейнетіркеу іш	дана	1	7 жыл	төзімді корпус; кең бұрышты объектив; инфрақызыл LED жарықтандырығыш, лазерлі нысана көрсеткіш, IR-түнгі көру.
53	Планшеттік компьютер	дана	1	3 жыл	Андроид 7.1 -ден ескі емес нұсқа, процессоры кемінде 8 ядро, жедел жадысы кемінде 3 гигабайт, сыйымдылығы сағатына 4 450 миллиамперден кем емес алмалы-салмалы аккумулятор, жиынтықта стилусы бар.
54	Деректерді орталықтандырылған сақтауға арналған серверлер	дана	1	3 жыл	DS-MH2111, DS-H2211 қосылатын портативті камералар. Материалы: металл.
					Камера: 1/3 CMOS матрицасы, көру бұрышы кемінде 110 градус. Бейне параметрлері: Бейне кірісі

55	Бейнекамера (бейнебақылау жүйесі үшін)	1 дана	1	3 жыл	Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу кезінде	Өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстық, қалалық, аудандық аумақтық инспекциялары және фитосанитариялық бақылау бекеттері	кемінде 1 080 пиксель. Жады сақтау кіріктірілген чип, кем дегенде 32 гигабайт. Wi-Fi-ға қосылатын кірістірілген GPS модулі. Батареясы алмалы-салмалы, 1650 миллиампер-сағат ажыратымдылығы 1080 пиксельмен (4 сағат жазады).
							Кіріктірілген жадысы кемінде 1 терабайт болатын ұшқышсыз ұшу аппараты. Сигналдың әрекет ету радиусы кемінде 15 км. Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты кем дегенде 40 минут. Жиіліктің оптикалық ұлғаюы кемінде – 7х. Бейнетүсірілімнің максималды ажыратымдылығы кемінде 4К (

56	Пилотсыз ұшу аппараты (дрон)	дана	1	3 жыл		3840*2160), ж е л жылдамдығының максималды кедергісі кемінде – 12 м / с . Максималды ұшу қашықтығы кемінде 30 к м . Жиынтықта : кемінде 3 дана, 5 000 мАч кем емес алынбалы аккумуляторлық батарея, аккумуляторлық батареяларды зарядтауға арналған концентрат о р (зарядтағыш).
----	------------------------------	------	---	-------	--	--

".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

А. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК